

«Маңғыстау техникалық колледжі» МКҚК

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жиналысының
хаттамасы

Қатысқандар: Оқытушылар мен қызметкерлер
Күні 06.12.2024ж

КҮН ТӘРТІБІ:

1.«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және жемқорлық фактілеріне мүлдем
төзбеушілік талаптарының сақталуы және орындалуы туралы

Тыңдалды:

Басшы м.а. А.Ержанов сыбайлас жемқорлыққа қарсы бекітілген жоспарға сәйкес қызметкерлерге жұмыс барысында сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу және алдын алу туралы түсіндіріме жұмысын жүргізді.

Мемлекеттік қызметшілердің жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Педагогтың білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы жемқорлық жасауға әсер етеді деп ойлаймын. Педагогтың атына кір келтіретін әрекеттерден аулақ болғаны абзал. Кей педагогтардың құқық бұзушылыққа немқұрайлық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да паракорлық деңгейінің төмендеуіне кері әсерін тигізеді. Дегенімен де бұл қиындықтар ата-бабаларымыз жасаған ерліктің алдында түкке тұрмайтын қиындық деп білемін. Ата - бабаларымыз туған жеріміз үшін, келешек ұрпағымыз үшін деп күрескен.

Ал біз жемқорлық үшін күресуіміз керек. Өзімізден кейінгі ұрпақты сыбайлас жемқорлықтан аман алып қалып, болашаққа жемқорлықсыз жарқын өмір сыйлауымыз керек. Адал еңбек қана берекетті. Адал ризық - несібе ғана адамды жақсылық пен бақытты болашаққа жетелейді. Осы тұрғыда Абай бабамыз: «Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, қардың суы секілді тез суалар» деп, малды адал жолмен тапса ғана берекетті, жұғымды болатындығын айтып өткен. Пара мен дүниеге қызықпай, тура жолмен жүргенде ғана өмірің мағыналы бөлігі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес - мемлекетіміздің бірден-бір қолға алған факторларының бірі.

Әдіскер Ж.Күзембаев Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде ақпарат беріп, қызмет барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың, сыбайлас жемқорлық қылмыстардың алдын алуға бағытталған нақты және нәтижелі ұйымдастыру шараларын қарастыру қажеттілігін атап өтті.

Басшының тәрбие жөніндегі орынбасары Б.Шанкенова мемлекеттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлықтың кез-келген көрінісіне «мүлдем төзбеушілік» жағдайын жасау, сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағытында атқарылған жұмыстарға шолу жасап, пікірін білдірді.

Қаулы :

- 1 . Колледж қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық фактілеріне «мүлдем төзбеушілік» қағидаты бойынша , салдары мен болдырмау бағыты басты назарда ұсталсын.
2. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында жұмыстарды жүйелі жүргізілу ТЖО Б.Шанкеноваға жүктелсін.

Басшы м.а.



А.Ержанов

Тәрбие жөніндегі орынбасар:



Б.Шанкенова

«Маңғыстау техникалық колледжі» МКҚК

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жиналысының
хаттамасы

Қатысқандар: Оқытушылар мен қызметкерлер
Күні 22.10.2024ж

КҮН ТӘРТІБІ:

- 1.«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және жемқорлық фактілеріне мүлдем төзбеушілік талаптарының сақталуы және орындалуы туралы

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша комплаенс қызметінің жауапты өкілі Б.Шанкенова сөз алды. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу -сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс -қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін және жою жөніндегі қызметі болып табылады.

Мүдделер қақтығысы -жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың , жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттері арасында қайшылық мұндай жағдайды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі болып табылады.

Бүгінгі күні колледжде сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер мен шағымдар түспеген, өтініштер түскен жағдайда оның негізінде қызметтік тексерулер жүргізіледі немесе оларға қатысу жүзеге асырылады. Сыбайлас жемқорлық-бұл құқық бұзушылық, ол үшін заңды әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық бекітілген.

Жиналыс күн тәртібіндегі мәселе бойынша қаулы қабылдады:

ҚАУЛЫ:

- 1.Колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігін жалғастыру.жауапты Б.Шанкенова
- 2.Оқу процесінде педагогтар мен ата-аналар тарапынан болатын пара беру, пара алу келеңсіз әрекеттерінің алдын алу және оларға қатаң бақылау қою басшы орынбасары А.Салыховқа жүктелсін.

Басшы у.м.а.
Тәрбие жұмыс жөніндегі орынбасар



А.Салыхов
Б.Шанкенова

Маңғыстау техникалық колледжі

05 қараша 2024ж

Шетпе селосы

Бүгін ұжым қызметкерлерінің қатысуымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес - қоғам талабы» тақырыбымен ақпараттық танымдық сағаты өтті. Мақсат- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және мүлде төзбеушілікті қалыптастыру.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күнде күрделі мәселе болып тұр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай - қайсысында қатты алаңдататыны анық. Сыбайлас жемқорлық зардаптары:


-қоғамның бақытты болашағын тежейді;

-елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіреді;

-жұртшылықтың заң мен әділдікке билікке деген сеніміне сызат түседі.

Іс-шара барысында жемқорлыққа бағыттағы бейнеролик көрсетіліп, талқыланды. Қатысушыларға сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу заң талаптары, құқық бұзушылықтар зардабы туралы ақпараттар берілді.

Басшының тәрбие жөніндегі
орынбасары



Б.Шанкенова